

2025-2029 жылдардағы әлеуметтік-экономикалық даму жобалар

2025 жылы ЖІӨ-дегі өнеркәсіптің нақты көлемінің индексі - 102,9 %. 2025-2029 жылдары өнеркәсіптік өндіріс көлемінің орташа жылдық өсімі - 3,2 % құрайды.

Өңдеу өнеркәсібінің нақты көлем индексі 102,8 %, 2025-2029 жылдардағы орташа жылдық өсім - 3 % құрайды.

2023 жылы «Шымкент мұнай өңдеу зауытының» өндірістік қуатын жылына 6 мың тоннадан 12 мың тоннаға дейін кеңейту» жобасын іске асыру басталды. Жоба 2030 жылға дейін аяқталады, 2031 жылы кәсіпорын толық қуатына шығуды жоспарлап отыр. Жоғары технологиялық жобаны іске асыру авиациялық керосин өндірісін жылына 313 мың тоннадан 1 млн тоннаға дейін үш есеге ұлғайтуға мүмкіндік береді, бұл республикадағы авиацияның қажеттілігін толығымен жабуға жеткілікті болады.

«Химфарм» АҚ өнім сапасын жақсарту, сондай-ақ өндірісті цифрландыру саясатын жүргізеді. Мәселен, 2023-2027 жылдары жаңа сапа зертханасын, Жаңа R&D орталығын құруға, жаңа өндірістік желілерді енгізуге, цифрлық басқару жүйелерін орнатуға, өнімнің жаңа түрлерін игеруге 31 млн АҚШ долларын инвестициялау жоспарланған.

2025 жылы «Тассай» индустриялық аймағында биофармацевтикалық зауыт салу бойынша «AnDa Company» ЖШС жобасын іске асыру жоспарлануда. Жобаның өндірістік қуаты жылына 500 мың доза ветеринарлық вакцинаны құрайды. Жобаның құны - 1,8 млрд теңге, 35 адам жұмыспен қамтамасыз етіледі.

«ATAMIRAS» ЖШС таңу материалдарын өндіру бойынша 2026 жылы «Оңтүстік» АЭА жобаны іске асыру жоспарлануда. Жобаның өндірістік қуаттылығы 5 млн. шаршы метрді құрайды, жобаны іске асыруға 1 млрд теңге инвестицияланып, 50 жұмыс орны ашылады.

Машина жасау саласында 2026 жылы жалпы сомасы 1,9 млрд теңгеге екі жобаны іске асыру көзделген:

- «ASCAR-TAO» ЖШС LED экрандар мен электрондық тауарлар шығаратын зауыт (инвестиция көлемі - 1 500 млн теңге; 70 жұмыс орны);

- «MEBco» ЖШС ауыл шаруашылығы техникасын өндіру (инвестиция көлемі - 400 млн тг.; 20 жұмыс орны).

Химия саласында жалпы сомасы 10,1 млрд теңгеге 6 жобаны іске асыру және 220 жаңа жұмыс орнын құру жоспарлануда, оның ішінде 2025 жылы: желатин өндірісі бойынша «ELSYUYAR» ЖШС; минералды, органо-минералды тыңайтқыштар өндірісі бойынша «QZ CHEMICAL IMPREX» ЖШС; сутегі оксиді өндірісі бойынша «Hydrogen Energy» ЖШС; тыңайтқыштар өндірісі бойынша «QazTurkMinerals» ЖШС; «Shymkent Dehui Gelatin Ltd.» желатин өндірісі бойынша; «Казхимпром РЕАГЕНТ» ЖШС ион алмасу шайырын өндіру бойынша.

Тамақ өнеркәсібінде дайын инфрақұрылымы бар «Бозарық» индустрия-

лық аймағын құру болады. 100-ден астам жұмыс орнын құра отырып, жалпы сомасы 11,9 млрд теңгеге 5



жобаны іске асыру жоспарлануда.

Өңдеу өнеркәсібіндегі сусындар өндірісі саласының үлесі 3,4% құрайды.

Бұл салада «Юникс» ЖШС, «ЮНИКС - BEVERAGE» ЖШС, «Рауан» ЖШС, «Шымкент сыра қайнату зауыты» ЖШС, «36н «Визит» ЖШС, «TAU - Product» ЖШС сияқты кәсіпорындар жұмыс істейді. 2025 жылы жобаны іске қосу жоспарлануда «Zalal Mowafaq» ЖШС құны 7,2 млрд теңге болатын алкогольсіз сусындар өндіру және 300 жұмыс орнын құру бойынша.

2025-2026 жылдарға «Оңтүстік» АЭА аумағында 260-тан астам жұмыс орнын құра отырып, жалпы сомасы 8,3 млрд теңгеге 5 жобаны іске асыру

жоспарлануда. Трикотаж мата, аяқ киім, аралас және мақта-мата киім маталары мен дайын тоқыма бұйымдарын шығару бойынша өндіріс басталады.

Металлургия саласында 8,3 млрд теңге сомасына 3 жобаны іске қосу жоспарлануда: алюминий қорыtpалары мен тіректерді өндіру бойынша «QazMetService» ЖШС, қара қорғасын мен мыс өндіру бойынша «Modern trades» ЖШС және алюминий сым өндіру бойынша «AluTech» ЖШС, кәсіпорындарда 523 жұмыс орны құрылады.

Дайын металл бұйымдарын өндіру саласында 2025-2026 жылдары жалпы сомасы 55 млрд теңгеге 3 жобаны пайдалануға беру жоспарлануда, кәсіпорындарда 276 жұмыс орны құрылады.

Е. КАМАРДИНОВ,
М. Әуезов атындағы ОҚУ
колледжінің Арнайы пән
оқытушысы.

